**ГЕОГРАФИЯДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА, 2016 ж.**
**ЖАЗБАША ТУРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ**
**11-СЫНЫП**

**ТАПСЫРМА 1.**

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Ұзындығы 2 км болатын канал картада ұзындығы 8 см болатын сызықпен белгіленен. Картаның масштабын анықтаңыз.

2. 1:30000 масштабтағы планда темір жол стансасы мен карьердің арасындағы қашықтық 3,8 см құрайды. Екінші планда бұл қашықтық 7,6 см құрайды. Екінші планның масштабы қандай?

3. Масштабы 1:5000 планда аралас орманның аумағы тік төртбұрыш пішінде, оның қабырғаларының ұзындығы 4,5 см және 6 см. Ал 1:2500 масштабтағы планда қылқан жапырақты орман пішіні квадрат түрінде және оның қабырғаларының ұзындығы 8 см. Жергілікті жерде қандай орман (аралас немесе қылқан жапырақты) көп ауданды алып жатыр және оның ауданы екіншісіне қарағанда қаншаға үлкен?

4. Осы сәтте Лондонда тал түс болса, одан шығысқа қарай 45 градуста орналасқан нүктедегі нақты уақыт қанша болады?

***Бағалау өлшемдері:***

1,2,4 сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін - 0,5 ұпайдан (max- 1,5 ұпай), 3 сұрақ бойынша ауданы көп орманды және оның дұрыс мәнін анықтағаны үшін- 0,25 ұпайдан. (max-0,5 ұпай). ***Барлығы –2 ұпай.***

**ТАПСЫРМА 2.**

Келтірілген өзен жүйелерін су режимі типіне қарай топтарға бөліңіз (субарктикалық, қоңыржай муссонды, қоңыржай теңіздік, субэкваториалды, көлдік): Яна өзені, Шире өзені, Нигер өзені, Меконг өзені, Сан-Франсиску өзені, Уссури өзені, Сена өзені, Темза өзені, Нева өзені, Индигирка өзені.

Темза, Сена, Нигер өзендерінің еңістігін есептеңіз. Еңістік - өзеннің құламасының (м) оның ұзындығына (км) қатынасы, өзеннің құламасы деп оның бастауының сағасынан метр есебімен көрсетілген айырмасын атайды.

Сена өзені – бастауы Лангр үстіртінің оңтүстік бөлігінде Бургундияда орналасқан (470 м), сағасы Гаврға жақын (0 м).

Темза өзені– бастауы Кемблде, Глостершир (110 м), сағасы - Саутенд-он-Си, Солтүстік Теңіз (0 м).

Нигер өзені – бастауы - Фута-Джаллон, Гвинеяның оңтүстік-шығысы (745 м), сағасы – Гвинея шығанағы (0 м).

***Бағалау өлшемдері:***

Өзеннің су режимінің типін дұрыс анықтағаны үшін - 0,5 ұпайдан (max - 5 ұпай), өзендердің еңістігін анықтағаны үшін - 1 ұпайдан (max – 3 ұпай). ***Барлығы – 8 ұпай.***

**ТАПСЫРМА 3.**

Тізімде табиғаттың ерекше ескерткіші деп саналатын географиялық объектілер атауы келтірілген. Оларды пайда болу ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөліңіз (әсерінен олар пайда болған табиғи күштің сипаты). Объектілердің қандай елдерде орналасқанын анықтап, олардың әрқайсысының неліктен тізімге кіргенін түсіндіріңіз. Жауаптарды төмендегі кестеге жазыңыз.

Әлемдік маңызға ие табиғи ескерткіштер: *Камарг, Пантанал, Килауэа, Ленкорань, Нгоронгоро, Окаванго, Памуккале, Гейсир, Стромболи, Эверглейдс.*

| Объектінің атауы | Аумағында объект орналасқан ел | Объект туралы қосымша ақпарат |
|---|---|---|
| 1- топ: ...... нәтижесінде қалыптасқан объектілер | | |
| 1. | | |
| … | | |
| 2- топ: ......нәтижесінде қалыптасқан объектілер | | |
| 1. | | |
| … | | |
| | | |

***Бағалау өлшемдері:***

Әрбір топтың бөлінуінің негізін дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпайдан (max – 2 ұпай); табиғат ескерткіштері мен оның орналасқан елін дұрыс анықтағаны үшін - 0,5 ұпайдан (max – 5 ұпай); әрбір табиғи ескерткіштің тізімге кіруіне дұрыс негіздеме бергені үшін - 0,5 ұпайдан (max – 5 ұпай). ***Барлығы – 12 ұпай.***

**ТАПСЫРМА 4.**

Бұл тіл БҰҰ-ның халықаралық 6 тілінің бірі болып табылады. Үндіеуропалық семья тілдеріне жатады. Жазуы латын алфавитіне негізделген.

1) Қандай тіл туралы айтылып жатыр?
2) Бұл тіл қандай тілдік топқа жатады?
3) БҰҰ-ның қалған халықаралық тілдерін атаңыз.
4) Халқының көп бөлігі осы тілді білетін немесе ол тіл ресми мәртебеге ие болған елдер/ теңіздің ар жағындағы департаменттерді төмендегі сипаттамалар бойынша анықтаңыз:

А) Ел негізгі екі аймақ- Фландрия және Валлониядан тұрады.

Б) Елдің ұраны "unus pro omnibus omnes pro uno" - "Біреу барлығы үшін, барлығы біреу үшін". Ел конфедерация мәртебесіне ие. АДИ (0,9 дан жоғары) көрсеткіші бойынша әлемде 3 орынды иеленеді.

В) Бұл ел жағалауын екі мұхит шайып жатыр. "X" тілінде сөйлейтін халық оның шығыс бөлігінде қоныстанған.

Г) Теңіздің ар жағында орналасқан бұл департамент батыс жартышарда орналасқан. Аумағының 90% астамын орман алып жатыр. Елде ірі Куру ғарыш айлағы орналасқан.

Д) Бұл теңіздің ар жағындағы әкімшілік департменттің ірі аралы Гранд-Тер аралы болып табылады. Оны 1774 жылы Джеймс Кук ашқан. Экономикасы никель өндіру мен туризмге негізделген.

Е) Бұл аралдық мемлекеттің экожүйесі алуан түрлі, олардың 90% басқа еш жерде кездеспейді. Халқының саны - 24 млн. адам. Ең биік нүктесі Марумукутру сөнген жанартауы (2876 м).

Ж) Бұл ел тәуелсіздігін 1960 жылдың 22- қыркүйегінде алды. Батыс Африкада орналасқан ел және оның теңізге шығатын жолы жоқ.

З) Бұл Африкадағы Африкалық Одаққа мүше емес жалғыз африкалық ел. Оны Атлант Мұхиты мен Жерорта теңізінің сулары шайып жатыр. Басқару формасы бойынша конституциялық монархия.




**Сурет 1** – Бұл тілдің Африкада даму картасы

*Көк түс: ресми тілі;*
*Көгілдір:кен таралған тіл*
*Жасыл: азшылық*

***Бағалау өлшемдері:***

Тілді дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпай, оның қандай тілдік топқа жататындығы мен қалған 5 тілді дұрыс анықтағаны үшін –0,5 ұпайдан (max - 3 ұпай); сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін–0,5 ұпайдан (max – 4 ұпай). ***Барлығы – 8 ұпай.***

**ТАПСЫРМА 5.**

Төменде XXI ғасырдың басындағы маңызды ауыл шаруашылық дақылдарын өндіру бойынша жетекші елдер тобы берілген. Ауыл шаруашылық дақылдарының атауы мен оларды өндіретін жетекші елдердің арасындағы дұрыс сәйкестікті табыңыз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| А. Банан | Д. Кофе | И. Табиғи каучук | Н. Соя | С. Шәй |
| Б. Жүзім | Е. Жүгері | К.Қант қызылшасы | О. Темекі | Т. Зәйтүн |
| В. Какао-бұршақ | Ж. Күріш | Л.Қант талшығы | П. Құрма | У. Күнбағыс |
| Г. Картоп | З. Бидай | М. Майлы пальма | Р. Мақта | Ф. Қарақұмық |

| |
|---|
| 1. АҚШ, Қытай, Бразилия, Мексика, Аргентина, Үндістан, Франция, Индонезия, Италия |
| 2. Таиланд, Индонезия, Үндістан, Малайзия, Қытай, Вьетнам, Нигерия, Либерия, Бразилия |
| 3. Сауд Арабиясы, БАӘ, Түркия, Египет, Греция, Иран, Марокко, Сирия, Алжир, Ливия |
| 4. Бразилия, Колумбия, Эквадор, Эфиопия, Вьетнам, Үндістан, Мексика, Гватемала, Индонезия |
| 5. Қытай, Үндістан, Пакистан, АҚШ, Бразилия, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия, Греция, Сирия, Египет |
| 6. Қытай, Үндістан, Ресей, Украина, АҚШ, Беларусь, Германия, Польша, Нидерланд, Франция |
| 7. Қытай, Үндістан, Бразилия, АҚШ, Түркия, Зимбабве, Индонезия, Малави, Ресей, Италия |
| 8. Испания, Италия, Греция, Түркия, Тунис, Марокко, Сирия, Португалия, Египет, Алжир |
| 9. Қытай, Үндістан, Кения, Шри-Ланка, Вьетнам, Индонезия, Бангладеш, Малави, Уганда |
| 10. Қытай, Үндістан, Индонезия, Бангладеш, Вьетнам, Мьянма, Таиланд, Филиппин, Жапония |
| 11. Ресей, Украина, Аргентина, Қытай, Франция, АҚШ, Венгрия, Болгария, Румыния, Үндістан |
| 12. Бразилия, Үндістан, Қытай, Куба, Таиланд, Пакистан, Мексика, Колумбия, Австралия, Аргентина, АҚШ |
| 13. Италия, Испания, Франция, АҚШ, Түркия, Аргентина, Чили, Ресей, Португалия, Греция |
| 14. Индонезия, Малайзия, Нигерия, Таиланд, Колумбия, Эквадор, Гана, Камерун, Гватемала |
| 15. Франция, Ресей, АҚШ, Германия, Түркия, Украина, Қытай, Польша, Ұлыбритания |
| 16. Үндістан, Қытай, Бразилия, Эквадор, Индонезия, Филиппин, Коста-Рика, Таиланд, Бурунди |
| 17. Код-д̓ Ивуар, Индонезия, Гана, Нигерия, Бразилия, Камерун, Эквадор, Того, Папуа-Жаңа Гвинея |
| 18. Қытай, Үндістан, АҚШ, Ресей, Франция, Пакистан, Германия, Канада, Аргентина, Қазақстан |
| 19. АҚШ, Бразилия, Аргентина, Қытай, Үндістан, Парагвай, Канада, Украина, Уругвай, Ресей, Индонезия, Боливия |
| 20. КХР, Ресей, Украина, Франция, АҚШ, Польша, Бразилия, Жапония, Қазақстан |

***Бағалау өлшемдері:***

Ауыл шаруашылық дақылы мен елдер тобын дұрыс сәйкестендіргені үшін - 0,5 ұпайдан (max – 10 ұпай). ***Барлығы: 10 ұпай***

**ЖАЛПЫ: 40 ҰПАЙ**

**ТАПСЫРМА АЯҚТАЛДЫ!**

**РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ОЛИМПИАДА ПО ГЕОГРАФИИ 2016 г.**
**ЗАДАНИЯ ПИСЬМЕННОГО ТУРА**
**11 КЛАСС**

**ЗАДАНИЕ 1.**

Ответьте на вопросы:

2. Определите масштаб карты, если канал длиной 2 км изображена на нем линией длиной в 8 см.

3. Расстояние между железнодорожной станцией и карьером на плане масштаба 1:30000 составляет 3,8 см. На втором это расстояние составляет 7,6 см. Каков масштаб этого плана?

4. Территория смешанного леса на плане масштаба 1:5000 имеет форму прямоугольника со сторонами 4,5 и 6 см. А хвойный лес на плане масштаба 1:2500 имеет форму квадрата со сторонами 8 см. Какой лес – смешанный или хвойный – имеет на местности большую площадь и на сколько?

5. Определите точное время пункта, расположенного восточнее на 45 градусов от Лондона, в котором на данный момент полдень.

***Критерии оценки:***

За правильный ответ на 1,2,4 пункты – по 0,5 балла, по 3 пункту - за правильное определение преобладающего типа леса и точного значения – по 0,25 балла.

***Итого –2 балла.***

**ЗАДАНИЕ 2.**

Разделите перечисленные речные системы на группы по типу водного режима (субарктический, умеренный муссонный, умеренный морской, субэкваториальный, озерный): р. Яна, р. Шире, р. Нигер, р. Меконг, р. Сан-Франсиску, р. Уссури, р. Сена, р. Темза, р. Нева, р. Индигирка. Дайте краткую характеристику этих типов: для каждого укажите основные источники питания и особенности изменения расхода воды по сезонам.

Рассчитайте уклон рек Темза, Сена, Нигер. Если известно, что уклон – это отношение падения реки (в м) к ее длине (в км), а падение – это разница высот между истоком и устьем в метрах.

р.Сена - исток находится в южной части плато Лангр в Бургундии (470 м), устье - вблизи Гавра (0 м).

р. Темза – исток находится Кембл, Глостершир (110 м), устье - Саутенд-он-Си, Северное море (0 м).

р. Нигер – исток - Фута-Джаллон, юго-восток Гвинеи (745 м), устье - Гвинейский залив (0 м).

***Критерии оценки:***

За верно указанное соответствие реки с типом водного режима - по 0,5 балла (max - 5 баллов), за определение уклона рек – по 1 баллу (max – 3 балла).

***Итого – 8 баллов.***

**ЗАДАНИЕ 3.**

В списке приведены названия географических объектов, считающихся уникальными памятниками природы. Разделите их на две группы по особенностям происхождения (характеру природных сил, под воздействием которых они сформировались). Определите, в каких странах расположены объекты, и поясните, почему каждый из них включен в список. Ответ оформите в виде таблицы.

Памятники природы мирового значения: *Камарг, Пантанал, Килауэа, Ленкорань, Нгоронгоро, Окаванго, Памуккале, Гейсир, Стромболи, Эверглейдс.*

| Название объекта | Страна, на территории которой расположен объект | Дополнительная информация об объекте |
|---|---|---|
| Группа 1: объекты, сформированные … | | |
| 1. | | |
| … | | |
| Группа 2: объекты, сформированные … | | |
| 1. | | |
| … | | |
| | | |

***Критерии оценки:***

За верное определение основание для выделения каждой группы – по 1 баллу (max – 2 балла); за правильное соотнесение памятников природы и страны расположения – по 0,5 балла (max – 5 баллов); за правильное обоснование включения в список – по 0,5 балла (max – 5 баллов).

***Итого – 12 баллов.***

**ЗАДАНИЕ 4.**

Этот язык является одним из 6 международных языков ООН. Относится к индоевропейской семье языков. Письменность на основе латинского алфавита.

5) О каком языке идёт речь?
6) К какой группе языков относится данный язык?
7) Назовите остальные международные языки ООН.
8) Определите страны/заморские департаменты по описанию, в которых большинство населения владеет этим языком или имеет официальный статус:

А) Страна состоит из двух основных регионов Фландрии и Валлонии.

Б) Девиз страны "unus pro omnibus omnes pro uno" - "Один за всех, все за одного". Страна имеет статус конфедерации. По показателю ИЧР (свыше 0,9) находится на 3-ем месте по миру.

В) Приблизительно ¾ населения страны проживает в южной части. Население, говорящее на языке "X" расположено в ее восточной части.

Г) Этот заморской департамент расположен в западном полушарии. Более 90% территории покрыто лесом. В стране расположен крупный космодром Куру.

Д) Крупным островом этого административно-заморского департамента является остров Гранд-Тер. Был открыт Джеймсом Куком в 1774 году. Экономика базируется на добыче никеля и туризме.

Е) Это островное государство имеет очень разнообразную экосистему, 90% которого больше нигде не встречается. Население страны - 24 млн. человек. Высшей точкой является потухший вулкан Марумукутру (2876 м).

Ж) Эта страна получила независимость в 22 сентября 1960 года. Страна находится в Западной Африке, и не имеет выхода к морю.

З) Это единственная африканская страна, которая на данный момент не является членом Африканского Союза. Омывается Атлантическим Океаном и Средиземном морем. По форме правления является конституционной монархией.




**Рисунок 1** - Карта распространения этого языка в Африке.

*Синий: официальный язык;*
*Голубой: язык распространения;*
*Зелёный: меньшинства.*

***Критерии оценки:***

За верное определение языка – 1 балл, за определение соответствующей группе и остальных 5 языков – по 0,5 балла (max - max – 3 балла); за правильный ответ на вопросы – по 0,5 балла (max – 4 балла). ***Итого – 8 баллов.***

**ЗАДАНИЕ 5.**

Ниже приведены группы стран-лидеров по производству важнейших сельскохозяйственных культур в начале XXI века. Найдите правильное соответствие между названиями сельскохозяйственных культур и перечнем стран-ведущих производителей.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| А. Бананы | Д. Кофе | И. Натуральный каучук | Н. Соя | С. Чай |
| Б. Виноград | Е. Кукуруза | К.Сахарная свекла | О. Табак | Т. Оливки |
| В. Какао-бобы | Ж. Рис | Л.Сахарный тростник | П. Финики | У. Подсолнечник |
| Г. Картофель | З. Пшеница | М. Масличная пальма | Р.Хлопчатник | Ф. Гречиха |

| |
|---|
| 21. США, Китай, Бразилия, Мексика, Аргентина, Индия, Франция, Индонезия, Италия |
| 22. Таиланд, Индонезия, Индия, Малайзия, Китай, Вьетнам, Нигерия, Либерия, Бразилия |
| 23. Саудовская Аравия, ОАЭ, Турция, Египет, Греция, Иран, Марокко, Сирия, Алжир, Ливия |
| 24. Бразилия, Колумбия, Эквадор, Эфиопия, Вьетнам, Индия, Мексика, Гватемала, Индонезия |
| 25. Китай, Индия, Пакистан, США, Бразилия, Узбекистан, Туркмения, Турция, Греция, Сирия, Египет |
| 26. Китай, Индия, Россия, Украина, США, Беларусь, Германия, Польша, Нидерланды, Франция |
| 27. Китай, Индия, Бразилия, США, Турция, Зимбабве, Индонезия, Малави, Россия, Италия |
| 28. Испания, Италия, Греция, Турция, Тунис, Марокко, Сирия, Португалия, Египет, Алжир |
| 29. Китай, Индия, Кения, Шри-Ланка, Вьетнам, Индонезия, Бангладеш, Малави, Уганда |
| 30. Китай, Индия, Индонезия, Бангладеш, Вьетнам, Мьянма, Таиланд, Филиппины, Япония |
| 31. Россия, Украина, Аргентина, Китай, Франция, США, Венгрия, Болгария, Румыния, Индия |
| 32. Бразилия, Индия, Китай, Куба, Таиланд, Пакистан, Мексика, Колумбия, Австралия, Аргентина, США |
| 33. Италия, Испания, Франция, США, Турция, Аргентина, Чили, Россия, Португалия, Греция |
| 34. Индонезия, Малайзия, Нигерия, Таиланд, Колумбия, Эквадор, Гана, Камерун, Гватемала |
| 35. Франция, Россия, США, Германия, Турция, Украина, Китай, Польша, Великобритания |
| 36. Индия, Китай, Бразилия, Эквадор, Индонезия, Филиппины, Коста-Рика, Таиланд, Бурунди |
| 37. Код-д´ Ивуар, Индонезия, Гана, Нигерия, Бразилия, Камерун, Эквадор, Того, Папуа-Новая Гвинея |
| 38. Китай, Индия, США, Россия, Франция, Пакистан, Германия, Канада, Аргентина, Казахстан |
| 39. США, Бразилия, Аргентина, Китай, Индия, Парагвай, Канада, Украина, Уругвай, Россия, Индонезия, Боливия |
| 40. КНР, Россия, Украина, Франция, США, Польша, Бразилия, Япония, Казахстан |

***Критерии оценки:***

За правильное соответствие сельскохозяйственной культуры и группы - стран по 0,5 баллов- 10 балла. ***Итого: 10 баллов***

**ВСЕГО: 40 БАЛЛОВ**

**ЗАДАНИЯ ЗАВЕРШЕНЫ!**